- тұрғындардың әртүрлі контингенттерінің арасында АИТВ-инфекциясын зерттеу және анықтау бойынша агрегатталған мәліметтерді жинауға арналған № 4 үлгі;
- АИТВ-инфекциясына қарсы іс-әрекеттер бойынша бағдарламаларға жүргізілетін мониторингтің ұлттық жүйесінің шешуші көрсеткіштерін жинауға және агрегаттауға арналған, «AIDS.KZ» жүйесі;
- зертханалық зерттеулерді жүйеге келтіретін, талдайтын, ЖИТС РО қайталап бақылауға келетін қан сарысуларына зертханалық бақылау бағдарламасы.

ЖИТС қызметінің барлық мекемелерінде тұрғындардың осал топтарының арасында шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау нәтижелерін талдауға арналған Ері-Info бағдарламасын қолдану жалғасуда.

2011 жылы барлық ЖИТС ОҚО АИТВ-инфекциясы жағдайларына электрондық қадағалау жүйесі енгізілген, ол АИТВ-инфекциясын қадағалаудың ұлттық жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, эпидемия тенденцияларына мониторинг жүргізуге және АИТВ ӨСА алдын алу, емдеу және күтіп қарау бойынша қызметтердің сапасын бағалауға мүмкіндік береді.



#### 4. ҚР-СЫНДА 2011 ЖЫЛЫ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ

01.01.2012 ж. Қазақстан Республикасында АИТВ-жұқтырған кумулятивті 17763 адам (100 мың адамға шаққанда-86,8) тіркелген, оның ішінде еркектер – 12444 (70,1%), әйелдер - 5319 (27,6%), 14 жасқа дейінгі балалар – 369.

АИТВ ӨСА анағұрлым көп таралу көрсеткіші - Алматы қ.(214,7), Павлодар облысында (180,5), Қарағанды облысында (153,0) орын алған.

АИТВ-инфекциясының орташа республикалық таралу көрсеткіші балалар арасында 100 мың балаға шаққанда - 8,6 құрайды. АИТВ-инфекциясының ең жоғары таралу көрсеткіші балалар арасында Оңтүстік - Қазақстан облысында 100 мың балаға шаққанда - 24,6, Қарағанды облысында - 12,4 және Алматы қ. - 11,7 болған.

Кумулятивті ЖИТС диагнозы 1480 АИТВ-жұқтырғандарға қойылған. ЖИТС сатысындағы аурулардың басым бөлігі Қарағанды облысында - 756 (51,1%), Павлодар облысында - 221 (14,9 %) және Оңтүстік - Қазақстан облысында - 137 (9,3%) орын алған.

2011 ж. АИТВ-инфекциясының 2006 жағдайы анықталды, бұл көрсеткіш 100 мың тұрғынға шаққанда 12,1 құрайды, 2010 жылмен салыстырғанда 18 жағдайға өсуі байқалады. ЖИТС ауруынан 186 - АИТВ-жұқтырғандар қайтыс болды.

АИТВ-жұқтырғандардың анағұрлым көп саны - 95% 15-49 жастағы топтарда тіркелген. АИТВ-жұқтырған еркектердің үлесі - 60,4%, әйелдердің үлесі - 39,6%, яғни еркектердің әйелдерге қатынасы 1,5:1 құрайды. 2011 жылы жыныстық жолмен берілу үлесі (52%) парентеральдық жолмен жұқтыру үлесінен (43,7%) артық болды.

АИТВ-ны жыныстық жолмен жұқтыру - 50,7% құраса, парентеральдық жолмен жұқтыру инъекциялық есірткіні тұтыну барысында - 47,3% болды. 2011 жылы гемотрансфузиялық жолмен жұқтыру тіркелген жоқ. Анықталмаған жолмен жұқтыру үлесі - 3,3% болды. Әлеуметтік – кәсіби жұқтыру құрамы бойынша: жұмыс істемейтідер - 64%, жұмысшылар және қызметкерлер - 26%, шетелдік азаматтар- 6%, басқалары - 4%.

#### АИТВ-инфекциясы жағдайларының тіркелуі облыстар бойынша

Облыстар	2011 ж. жұқтыр. жағдайлар саны	Кумулятивті жағдайлар саны	100 000 тұрғынға шаққанда көрсеткіш
Ақмола	48	356	39,3
Ақтөбе	23	234	25,3
Алматы	187	1231	53,8
Атырау	17	121	20,0
Шығыс-Қазақстан	214	1924	122,4
Жамбыл	95	615	49,2

Облыстар	2011 ж. жұқтыр. жағдайлар саны	Кумулятивті жағдайлар саны	100 000 тұрғынға шаққанда көрсеткіш
Батыс-Қазақстан	40	391	51,7
Қарағанды	365	3244	153,0
Қостанай	119	1090	107,1
Қызылорда	7	67	8,1
Маңғыстау	12	109	17,0
Павлодар	166	1763	180,5
Солтүстік- Қазақстан	76	540	80,4
Оңтүстік - Қазақстан	1763	2024	64,9
Алматы қ.	365	3569	214,7
Астана қ.	97	485	63,5
<b>ҚР б-ша</b>	<b>2006</b>	<b>17763</b>	<b>86,8</b>

### Пенитенциарлық мекемелердегі ахуал

Пенитенциарлық мекемелерде кумулятивті АИТВ-ның 4696-жағдайы анықталды (2008ж.- 721, 2009ж.- 536; 2010ж.- 398; 2011 ж.-322).

2011 жылы АИТВ-инфекциясының БАО таралуы есепке алу мәліметтері бойынша 3,5% құрады. Ол «Саламатты Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасымен белгіленген (5%) шеткі деңгейден төмен. Аталған мекемелерде АИТВ-ның анағұрлым жоғары деңгейде таралуы Қарағанды облысында (6,4%), СҚО (4,0%), ШҚО (4,5%) және Алматы облысында (4,9%) қалыптасты.

Сотталған адамдардың мекеме ішінде жұқтыруының 105 жағдайы тіркелді (2010ж. - 88 жағдай). Мекеме ішінде жұқтыру жағдайлары Павлодар облысында - 5, Алматы - 5, ОҚО-5, Қарағанды - 75, ШҚО – 13, Жамбыл – 1 және Алматы қ. -1 болды.

### Осал топтар арасында АИТВ-инфекциясының таралуы

ҚР-сында АИТВ-эпидемиясы бұрынғыша шоғырланған сатыда сақталуда. Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалаудың мәліметтері бойынша АИТВ-инфекциясының таралуы инъекциялық есірткіні тұтынушылар (бұдан әрі-ИЕТ) арасында - 3,8%, секс жұмысшылары арасында (бұдан әрі – СЖ) - 1,5%, ал еркектер арасында ( бұдан әрі - ЕЕЖК) – 1% және сотталғандар арасында -3% құрайды.

## Распространенность ВИЧ-инфекции среди дозорных групп (2006-2011 гг.)



### Жүкті әйелдер және АИТВ-жұқтырған аналардан туылған балалар бойынша ахуал

Өсу нәтижесімен АИТВ-жұқтырған – 1824 жүкті әйел тіркелді. 2011 жылдың 12 айында 302 АИТВ-жұқтырған жүкті әйел анықталды. АИТВ-жұқтырған әйелдердің басым көпшілігі Алматы қ., Оңтүстік -Қазақстан, Павлодар, Алматы, Қарағанды және Шығыс-Қазақстан облыстарында анықталды

АИТВ-жұқтырған аналардан - 1348 бала туылды. Олардың ішінен 71 балаға АИТВ-инфекциясы диагнозы қойылды. Барлығы диспансерлік есепте 335 бала тұрады.

2011 жылы АИТВ-жұқтырған әйелдерден 266 бала туылды, олардың көпшілігі Алматы қ., Оңтүстік-Қазақстан және Павлодар облыстарында дүниеге келді.

## 5. ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

2011 жылы тұрғындардың ақпараттық-мағлұматтық материалдарға қолжетімдігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғастырылды. Елімізде

ақпараттық-мағлұматтық материалдар және оқу құралдары басып шығарылып және таратылды. 2011 жылы мемлекеттік тілде -308 811 дана (2010ж.- 513336) ақпараттық-мағлұматтық материалдар, орыс тілінде -472 952 дана (2010ж. – 434 507 дана) АММ басып шығарылды. Ақпараттық-мағлұматтық материалдар жалпы халықтың осал топтары үшін басып шығарылып және таратылды. 2011 жылы басып шығарылған 781 763 дана АММ -71,5% жалпы тұрғындар үшін, оның ішінде 26% жастарға арналды. ХОТ үшін - 22% АММ басып шығарылды.

2011 жылы ЖИТС облыстық және қалалық орталықтарының ұсынған мәліметтері бойынша жалпы мектептердің 97% АИТВ/ЖИТС мәселелері бойынша профилактикалық шаралар өткізді (2010ж. – 89%).

### **Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалаудың мәліметтері бойынша**

- АИТВ-ның жыныстық жолмен жұқтыру және оның алдын алу әдістерін дұрыс көрсеткен, солай бола тұра, АИТВ-ны жұқтыру туралы негізгі нақты емес түсініктемелерді қабылдамаған ИЕТ пайызы 2011 жылы –78% құрады (2010ж. – 82%).
- АИТВ-ның жыныстық жолмен жұқтыру және оның алдын алу әдістерін дұрыс көрсеткен, солай бола тұра, АИТВ-ны жұқтыру туралы негізгі нақты емес түсініктемелерді қабылдамаған СЖ пайызы 2011ж. – 81% құрады (2010ж. – 80%).
- АИТВ-ның жыныстық жолмен жұқтыру және оның алдын алу әдістерін дұрыс көрсеткен, солай бола тұра, АИТВ-ны жұқтыру туралы негізгі нақты емес түсініктемелерді қабылдамаған ЕЕЖҚ пайызы 2011 ж. – 74 % құрады (2010г. – 76%).
- АИТВ-ның жыныстық жолмен жұқтыру және оның алдын алу әдістерін дұрыс көрсеткен, солай бола тұра, АИТВ-ны жұқтыру туралы негізгі нақты емес түсініктемелерді қабылдамаған сотталғандардың пайызы 2011ж.– 65,5% жетті (2010ж.– 64%).
- АИТВ-ның жыныстық жолмен жұқтыру және оның алдын алу әдістерін дұрыс көрсеткен, солай бола тұра, АИТВ-ны жұқтыру туралы негізгі нақты емес түсініктемелерді қабылдамаған, 15-24 жастағы жастардың пайызы – 32% (2011 жылғы зерттеулер).

2011 жылы республиканың барлық аймақтарында тұрғындар, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмыскерлері арасында АИТВ және ЖИТС-тың алдын алу, сол сияқты бизнес өкілдерінің арасында «АИТВ – инфекциясының бизнеске іскерлік ықпалы» тақырыбында ақпараттық-мағлұматтық жұмыстар жүргізілді, барлығы 606 семинарлар өткізілді, о.і. МСЭҚҚД бірлесіп -290 семинар өткізіліп, барлығы 32584 адам қамтылды.

2011 жылы АИТВ /ЖИТС проблемалары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жалғастырылды. Эфирге – 380 телехабарлама (2010 ж. - 471) және 426 радиохабарлама (2010 ж.- 1286) орналастырылды. Баспалық басылылымдарда - 718 (2011ж.- 623) мақалалар жарияланды. Дайындалған бейнероликтер саны -38 (2010ж.- 175), бейнероликтерді трансляциялау саны – 462604 (2010ж. – 557036) болды. АИТВ /ЖИТС проблемалары бойынша 300 журналист (2010ж. – 388) дайындалды.

Елімізде 2011 жылы АИТВ /ЖИТС бойынша шараларды жүзеге асыру бойынша – 93 үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) жұмыс істеді, олардың ішінен

әлеуметтік тапсырыс алған ҮЕҰ -35. Бапрлығы 93 ҮЕҰ - нан ИЕТ – пен жұмыс істегендер саны – 35 (38%), СЖ-мен – 15 (12%), ЕЕЖҚ – 9 (9,7%), сотталғандармен – 12 (13%), жастармен – 19 (20%), АИТВ ӨСА – 14 ұйымдар (15%) жұмыс ұйымдастырды.

## **6. ЕСІРТКІ ЕНГІЗУ ЗИЯНДЫЛЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

Зияндылықты төмендету стратегиясы шеңберінде 2011 жылы насихаттау және инъекциялық есірткіні тұтынушыларға оқыту, ақпараттар, АИТВ-инфекциясын жұқтырудың алдын алуда жеке қауіптілік бойынша кеңестер беру жұмыстары жалғастырылды.

Зияндылықты төмендету бағдарламасын жүзеге асыру барысында инъекциялық есірткіні тұтынушылар ортасына қатысу қолжетімдігі, олардың сенімділігіне ие болу мен олардың мінез-құлқын өзгертуге бағытталған профилактикалық және мотивациялық жұмыстарды жүргізу мүмкіндігі туындады. Зияндылықты төмендету стратегиясы АИТВ және ЖИТС –тың алдын алудағы мемлекеттік саясатқа шоғырландырылған.

2011 жылы ИЕТ бағалаулық саны –123 640 адам немесе жасы 15 және одан жоғары тұрғындар санының 1% құрайды (2010ж. – 119 140 ИЕТ).

ИЕТ-ті профилактикалық бағдарламалармен қамту 2011 жылдың қортындысы бойынша 79 597 ИЕТ немесе олардың бағалаулық санынан 64,4% (2010ж. - 73 252 ИЕТ немесе олардың БС 61,5%) құрайды. ИЕТ-ті тұрақты қамту 57 649 адам – 46,6% (2010ж. – 52104 адам, 43,7%).

2011 жылдың аяғында республикада ИЕТ арналған 155 «сенім» пункттері, олардың ішінде 22 жылжымалы СП жұмыс істеді.

АИТВ жағдайында ИЕТ арасында алдын алу, емдеу және күтіп қараудың кешенді бағдарламасына төмендегідей тоғыз шаралар тобы кіреді:

1. Ине және шприцтерді алмастыру бағдарламасы.
2. АИТВ-ға тесттен өткізу және кеңес беру.
3. Жыныстық жолмен берілетін инфекцияның алдын алу және емдеу.
4. ИЕТ және олардың жыныстық серіктестерін мүшеқаптармен қамтамасыз ету бағдарламасы.
5. ИЕТ-ке және олардың жыныстық серіктестеріне бағытталған ақпараттандыру, білім беру және коммуникациялар (АБК) саласындағы мақсатты бағдарламалар.
6. Антиретровирустық терапия.
7. Вирустық гепатиттерді вакцинациялау, диагностикалау және емдеу.
8. Профилактика, диагностика и лечение туберкулеза.
9. Апиындық орынбасушы терапия (АОТ) және есірткі түріне қарай емдеудің басқа түрлері.

2011 жылы ИЕТ 18 999 014 дана шприцтер таратылды. Бір ИЕТ-ке, олардың бағалаулық санынан – 154 дана шприц, ал профилактикалық бағдарламаға қатыстырылғандарға - 194 дана ( ДДҰ ұсынымы бойынша - жылына 1 ИЕТ-ке 200 дана шприц).

2011 жылы АИТВ- инфекциясы бойынша кеңес алу қызметтерімен - 59 739 (75,1% от БОС) адам қамтылды. Кеңес алған ИЕТ – 60,2% АИТВ-инфекциясына тесттен өтті.

Тұрғындардың осал топтарына, оның ішінде ИЕТ-ке арналған, жыныстық жолмен берілетін инфекцияның алдын алу және емдеу мақсатында елімізде 31 достық кабинеттері жұмыс істейді. 2011 жылы достық кабинеттеріне 5251 ИЕТ келіп жолықты, оның ішінде ДҚ арқылы – 3087 емдеу қабылдады, 418 диагнозын анықтау үшін тері -венерологиялық диспансерлерге жіберілді. 2011 жылы ИЕТ берілген жалпы мүшекаптардың саны – 6 486647 дананы құрады.

Антиретровирустық терапияны 2011 жылы - 981 ИЕТ қабылдады, ол 2010 жылмен салыстырғанда 1,5 есе артық болды.

Қазақстан Республикасында инъекциялық есірткіні тұтынушылар үшін «В» және «С» вирустық гепатиттерін диагностикалау қызметтері, «В» гепатитінің вакцинациясы, сол сияқты туберкулездің алдын алу, диагностикалау және емдеу қызметтері қолжетімді болып табылады.

Елімізде апиындық орынбасушы терапия (АОТ) ҚР-ның 3 аймағында өзінің жұмысын жалғастырды: Павлодар облысы (Павлодар қ.), Қарағанды облысы (Теміртау қ.) және ШҚО (Өскемен қ.). Барлығы АОТ - ты 112 ИЕТ қабылдайды, олардың ішінен АИТВ ӨСА-44 , олардың - 9 АРТ-ты қабылдайды.

### **Зияндылықты төмендету бағдарламасының проблемалары және қажеттіліктері:**

- Зияндылықты төмендету қызметтеріне қолжетімдік үлкен қалаларда шоғырланған. Шағын қалалардың және селолық жерлердегі клиенттерге аталған қызметке қолжетімдік шектелген.
- Бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың аталған қызметке қолжетімдігі шектелген (шприцтерді алмастыру, АОТ жоқ ).
- Көрсетілетін қызмет түрлері және сапасы жақсартуды талап етеді ( мөлшерден артық қабылдаған жағдайда көмек көрсету тәжірибесі жоқ).
- Оқытылған және ынталандырылған кадрлар тапшы, қызметкерлердің ауысуы жоғары деңгейде, жалақы деңгейі төмен.
- Орынбасушы терапия тек пилоттық деңгейде енгізілген.

## 7. АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛУІНІҢ АЛДЫН АЛУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Елімізде тұрғындардың осал топтарына (ИЕТ, СЖ, ЕЕЖҚ, сотталғандар) үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу және оларды сапалы мүшеқаптармен қамтамасыз ету жүргізіледі. 2011 жылы ТОТ – 11959492 дана мүшеқап таратылды, олардың ішінен СЖ-4264040 дана, ИЕТ – 6486647 дана., ЕЕЖҚ – 684109 дана және сотталғандарға – 518 805 дана мүшеқаптар таратылды. 2011 жылы таратылған мүшеқаптардың орташа саны 1- ИЕТ- 81 дана (2010ж. – 50 дана), 1- СЖ – 217 дана. (2010ж. – 288 дана), 1-ЕЕЖҚ – 22 дана (2010ж. – 27 дана) болды.

Шолғыншы эпидқадағалаудың 2011 жылғы мәліметтері бойынша :

- АИТВ-ның берілу қаупін төмендететін мінез-құлықты қабылдаған, ИЕТ пайызы (мүшеқаптарды қолдану)– 47% құрады (2010ж. – 54,7%);
- соңғы клиентпен жыныстық қатынас кезінде мүшеқаптарды қолданғанын көрсеткен, СЖ пайызы – 95,7 % құрады (2010ж. – 91,3%);
- соңғы серіктесі еркекпен анальдық қатынас кезінде мүшеқаптарды қолданғанын көрсеткен ЕЕЖҚ пайызы – 88% құрады (2010ж. - 75,2%).

Тұрғындардың осал топтарының ЖЖБИ тегін құпия және анонимді негізде емдеуге қолжетімдігін қамтамасыз ету мақсатында, республикада 31 достық кабинеттер жұмыс істейді, олардың ішінен ЖИТС орталықтарының жанында – 19, ҮЕҮ – 5 және басқа медициналық ұйымдардың жанында – 7 (тері - венерологиялық диспансерлер, әйелдер консультациясы) орналасқан. 2011 жылы ДК –не – 25345 адам келіп жолықты (2010ж. – 23623), жолығулар саны – 50580 (2010ж. – 35774). ДК келіп жолыққан адамдар қатарынан - 40% СЖ құрайды (10246 адам), 2,7% - ЕЕЖҚ (677 адам), 24% - ИЕТ (6091 адам) және 33% -жастар (8331 адам).

Келіп жолыққан адамдардың қатарынан - 66% (16738 адамда) ЖЖБИ бір немесе бірнеше синдромы анықталды. Ал, 13% (3310 адам) ТВД –ге және ә/к диагнозын анықтау үшін жіберілді. ЖЖБИ тексерілген клиенттер саны – 22816 адам, олардың ішінен - 81% (18557 адамда) ЖЖБИ диагнозы қойылды. Келіп жолыққан адамдардың қатарынан -80% (20255 адам) ДК емдеуден өтті, 24945 адамға ПӘК берілді, олардың ішінен АИТВ-ға -жедел-әдіспен - 16428 адам (65%) тексерілді. Барлығы ДК-де – 956498 дана мүшеқаптар және 18681 дана АММ таратылды.

### **Шолғыншы эпидқадағалаудың мәліметтері бойынша :**

- тиісті диагностикалау, емдеу және кеңес беру бойынша қызмет түрлерін қабылдаған, ЖЖБИ белгілері бар ИЕТ пайызы - 70,0% (2010 ж. – 73%);
- ЕПҰ-да тиісті диагностикалау, емдеу және кеңес беру бойынша қызмет түрлерін қабылдаған, ЖЖБИ белгілері бар СЖ пайызы -86,8% (2010 ж. – 87,6%);

- ЕПҰ-да тиісті диагностикалау, емдеу және кеңес беру бойынша қызмет түрлерін қабылдаған, ЖЖБИ белгілері бар ЕЕЖҚ пайызы– 70,5% (2010 ж. – 80,5%).

Мониторингтің мәліметтері бойынша секс жұмыскерлерін профилактикалық шаралармен қамту 2011 жылы бағалаулық саннан -17473 адамды немесе 89% құрады (2010ж. – 90,7%).

ЕЕЖҚ профилактикалық шаралармен қамту 2011 жылы бағалаулық саннан -7586 адамды немесе 24,5% құрады (2010ж. – 25,3%).

### Эпидкадағалаудың мәліметтері бойынша :

- 2011 жылы АИТВ-ға профилактикалық бағдарламалармен қамтылған СЖ пайызы– 89% құрады (2010ж. – 90,5%).
- 2011 жылы АИТВ-ға профилактикалық бағдарламалармен қамтылған ЕЕЖҰ пайызы–80 % құрады (2010ж. – 68,2%).


## **8.АИТВ–ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ГЕМОТРАНСФУЗИЯЛЫҚ ЖОЛ-МЕН БЕРІЛУІНІҢ АЛДЫН АЛУ**

2012 жылы 01 қаңтарға өсу нәтижесімен республикада - 426 АИТВ-жұқтырған донорлар биоматериалы тіркелді (ҚР-сында АИТВ-ның анықталған жалпы санының 2,5 % ), олардың ішінен - 51 адам 2011 жылы анықталды (2010 ж. – 46).

Қан донорларының және оның құрауыштарының арасында жаңа жағдайлар еліміздің 11 аймағында тіркелді – олардың арасында – Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, СҚО, ОҚО және БҚО болған жоқ.

Есепті кезеңде АИТВ-ны гемотрансфузиялық жұқтыру жағдайлары тіркелген жоқ.

**АИТВ – инфекциясы жағдайларын биоматериал донорлары арасында ҚР аймақтары бойынша бөлу 01.01.2012 ж.**





2011 жылы анықталған АИТВ-жұқтырған қан донорлары арасында 96% - қайтарымсыз донорлар және 4% – кадрлық (ақылы) донорлар.

Эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша донорлардың 92%-да АИТВ-ны жұқтырудың төмендегідей жоғары қауіптілік факторы бар екені анықталды: инъекциялық есірткіні тұтынуы, кездейсоқ серіктестермен қорғалмаған жыныстық қатынастары немесе бостандығынан айыру орындарындағы АИТВ-жұқтырған жыныстық серіктестері арқылы.

АИТВ-ның гемотрансфузиялық жолмен жұқтыруын болдырмау бойынша шаралардың тиімділігін бағалау мақсатында ЖИТС орталықтарымен 2011 жылы төмендегі жұмыстар жүргізілді:

- ЖИТС орталықтарының мамандарымен республиканың - 24(100%) қан орталықтары тексерілді, оның ішінде санитарлық – эпидемиологиялық қызмет мамандарының қатысуымен – 7 (29%);
- 21 қан құятын бөлімше 18 (86%) тексерілді, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының қатысуымен – 7 (33%) тексерілді, жабылуына байланысты Жамбыл облысында 3- ҚҚБ тексерумен қамтылмады;
- Медициналық ұйымдардың жанындағы 456 қан кабинеттерінен 378 –і (83%) тексерілді, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының қатысуымен -39 (10%);
- МҰ жанындағы қан қызметі мекемелері мен қан кабинеттерін тексеру нәтижесінде 23 ұйғарым беріліп және 24 айыппұл салынды. Әкімшілік шаралар тек 4 аймақта ғана қолданылды – ШҚО, Қостанай облысы, ОҚО, Алматы қ.;
- ЖИТС ОО мамандарымен 14- аймақтарда 179 семинар өткізілді, онда 3745 медициналық қызметкерлер дайындықтан өтті.

Қан мекемелерін тексеру нәтижелері 7 денсаулық сақтау басқармаларының алқа мәжілісінде қаралды (Атырау, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік-Қазақстан облыстарында, СҚО-2); 1 үйлестіру кеңесінде (Қостанай облысы); МҰ және санэпидқызметтердің 28 мәжілісінде (Ақтөбе – 4, Жамбыл – 1, Қарағанды – 3, Қостанай – 15, Маңғыстау – 1, СҚО – 3, ОҚО – 1); 26 медициналық конференцияда (Ақмола облысы – 9, ШҚО – 1, ОҚО – 3, Алматы қ. – 2, Астана қ. – 11). Денсаулық сақтау басқармаларына 6 ақпарат жіберілді (Ақтөбе облысы, СҚО, ШҚО, ОҚО, Қостанай облысы) және 3 ақпарат МСЭҚКД (Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік-Қазақстан облыстарына) жіберілді.

## **9. АИТВ-ҒА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ АРТ-ҚА БАҚЫЛАУ**

### **2011 жылғы Қазақстан ЖИТС қызметі зертханаларының жұмысы**

Қазақстан Республикасы ЖИТС қызметінің зертханалық құрылымы 28 зертханадан (14 облыстық, 6 қалалық, 8 филиалдардан) тұрады.

Зертханалық қызмет келесі міндеттерді орындайды:

- АИТВ/ЖИТС және ЖИТС индикаторлық ауруларының диагностикасы
- ШЭҚ серологиялық кезеңі жүргізу
- АИТВ-жұқтырғандарды емдеу тиімділігіне мониторинг жүргізу
- Зертханалық зерттеулердің сапасына бақылау жүргізу

### **Техникалық қамтамасыз ету**

2011 жылы ЖИТС ОО 16 зертханаларының 11- не жаңа жабдықтар орнатылды.

Барлық облыстық, Алматы, және Астана қ.қ. ЖИТС орталықтары ИФТ жүргізуге арналған диагностикалық жабдықтардың екі жинағымен қамтамасыз етілген.

2011 жылы ЖИТС ТБ ҒҚ қаржысы есебінен БҚО, СҚО, Ақмола, Алматы, Қостанай облыстары, Семей қ. үшін ИФТ жүргізуге арналған жинақтар сатып алынды; ағынды цитометрлер Қарағанды, БҚО; гематологиялық талдағыштар Қарағанды және Батыс –Қазақстан ЖИТС ОО үшін; ПТР арналған талдағыштар Қарағанды ЖИТС ОО үшін алынды. Жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен ағынды цитометрлер Жамбыл және Оңтүстік – Қазақстан облыстық ЖИТС ОО үшін, ИФТ жүргізу үшін автоматтандырылған станция Астана қ. ЖИТС ҚО үшін, гематологиялық талдағыш Маңғыстау облысы үшін, ПТР арналған аспап Алматы қ. ЖИТС ҚО үшін сатып алынды.

ЖИТС ОҚО 16 зертханасының 12-сінде АИТВ- жұқтырғандардың иммундық мәртебесін анықтауға арналған ағынды цитометрлер бар. 6 зертханаға вирустық жүктемені анықтауға арналған ПТР жабдықтары орнатылған ( ЖИТС РО, Алматы қ. және Астана қ. ЖИТС ҚО, ОҚО, Павлодар, Қарағанды ЖИТС ОО). Клиникалық-биохимиялық зерттеулер жүргізуге арналған заманауи жабдықтардың толық жинағымен Алматы қ. ҚО, Солтүстік –Қазақстан, Батыс – Қазақстан және Павлодар ЖИТС ОО зертханалары жабдықталған. Үш орталықта (Ақмола, ОҚО, Қарағанды) гематологиялық, биохимиялық талдағыш орнатылған.

Павлодар, Қостанай облыстарында ағынды цитометрлерді ауыстыру талап етіледі. ШҚО, БҚО және Қостанай облыстарының зертханаларында ПТР ашу қажет.


### **АИТВ/ЖИТС және ЖИТС индикаторлық ауруларының диагностикасы**

2011 жылы АИТВ-ға 2 930250 зерттеулер жүргізілді ( 2010ж. - 2 306960). Тексерілген адамдардың саны 2011 жылы 2 417862 адамды құрады ( 2010 ж. -2085344). Есепті кезеңде ЖИТС РО зертханасына облыстық ЖИТС орталықтарынан қайта тексеруге 3126 қансарысуы, оның ішінде балалардан – 755 қансарысуы келіп түсті. Оң мәртебе 2042 үлгіде расталды, 238-үлгі

күдікті болып есептелді. Барлық ЖИТС ОҚО зертханаларында скринингтік кезеңді өткізу үшін кем дегенде екі өндірушіден тест-жүйелері және оң нәтижені қайта тексеруге сараптаушы тест-жүйелері бар.

Зертханаларда нақты нәтиже алу үшін қажетті тест-жүйелермен қамтамасыз ету республика бойынша ИФТ–та қансарысуының оң нәтижесін растауы 98 % мүмкін болды. Бұл облыстық және қалалық орталықтарда АИТВ-ға тесттен өткізу барысында аналитикалық кезеңнің жоғары сапада өткізілетінін дәлелдейді.

### **ЖИТС РО –на қайта тексеруге ЖИТС ОҚО жіберілген расталған қансарысуларының пайызы**



Баяғыша БҚО, ШҚО, Қостанай және Жамбыл облыстарында, Алматы қ. ЖИТС ҚО зертханалық тексерулерінде аналитикалық кезеңнің сапасы туралы мәселе өзекті болып отыр. 2011 жылы иммуноблотта АИТВ-ға зертханашілік стандарттарға аттестация жүргізілді. Жақсы нәтижелерді Ақмола, Қарағанды, Қызылорда және Оңтүстік - Қазақстан облыстары ЖИТС орталықтарының мамандары көрсетті.

2011 жылы АИТВ-жұқтырған адамдарды ЖИТС-индикаторлық ауруларына (HbSAg, гепатит С, токсоплазмоз, цитомегаловирус, қарапайым ұшық вирусы) зерттеулер саны артты, яғни - 88 012 (2010ж. - 72572).

### **ШЭҚ серологиялық кезеңін өткізу**

ШЭҚ серологиялық кезеңінің сапасын бағалау үшін теріс үлгілердің 10% верификациялау қарастырылады. 2007 жылға дейін верификация барлық аймақтардан ЖИТС РО зертханасында жүргізілетін. Ұлттық бағдарламаға сәйкес 2007 жылдан бастап теріс үлгілердің 10% верифика-

циялау Қарағанды, Павлодар, ОҚО, БҚО ЖИТС ОО және ЖИТС РО зертханаларында жүргізіледі. БҚО-дағы зертхана жүргізілетін ИФТ Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстары ЖИТС орталықтары үшін теріс үлгілерді верификациялауға арналған тіректік база болып табылады. ОҚО –дағы зертхана Қызылорда және Жамбыл облысы ЖИТС орталықтары үшін теріс үлгілерді верификациялауға арналған тіректік база болып табылады.

Қарағандыдағы – ИФТ зертханасы Қостанай және Петропавел облыстары және Қарағанды облысының – Теміртау, Жезқазған, Балхаш қ.к. ЖИТС орталықтары үшін теріс үлгілерді верификациялауға арналған тіректік база болып табылады. Павлодардағы – ИФТ зертханасы Ақмола, Шығыс-Қазақстан облыстары және Павлодар облысының – Ақсу, Екібастұз қ.к. ЖИТС орталықтары үшін теріс үлгілерді верификациялауға арналған тіректік база болып табылады. ЖИТС РО зертханасы Астана, Алматы қ.к. және Алматы, Батыс- Қазақстан, Оңтүстік - Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстырының ЖИТС орталықтары үшін теріс үлгілерді верификациялауға арналған тіректік база болып табылады.

2011 жылы ШЭҚ серологиялық кезеңі Мигех фирмасының сараптаушы тест-жүйелерін қайта тіркеу үрдісіне байланысты кешігіп басталды.

2011 жылы республика бойынша теріс үлгілердің 10% верификациялау бойынша үлгілер 4625 құрады. Олардың ішінен 1549 үлгі АИТВ-ға қайта тексерілді, оң нәтиже болған жоқ; ВГС - 1149 үлгі тексеріліп, одан 2 оң үлгі анықталды; мерезге - 1927 үлгі тексеріліп, одан 25 оң үлгі анықталды.

Нәтижелерге талдау жүргізу барысында ШЭҚ жүргізу барысында мерезге тест-жүйелердің сезімталдығы жеткіліксіздігі туралы қортынды шығарылды. ЖИТС ОҚО алдыңғы зерттеулерде оң және теріс мәртебелері расталғандарға «СККК» қолдану арқылы кірістік бақылауды жүргізу ұсынылды.

### **2007 – 2011 ж.ж. нәтижелер бойынша үлгілер верификациясының салыстырмалы мәліметтері**

Жыл	Маркерлер								
	АИТВ			ВГС			мерез		
	түскені	оң	растал.%	түскені	оң	растал.%	түскені	оң	растал.%
<b>2007</b>	2120	0	100	1735	7	99,6	1565	30	98,1
<b>2008</b>	1043	0	100	613	5	99,1	965	17	98,2
<b>2009</b>	1767	0	100	1299	4	99,7	1588	10	99,4
<b>2010</b>	1231	0	100	803	7	99,1	1147	16	98,6
<b>2011</b>	1549	0	100	1149	2	99,8	1927	25	98,7

## **АИТВ-жұқтырғандарды емдеуге мониторинг**

АРТ-қа мониторинг ЖИТС ОО, Алматы және Астана қ.к. және ЖИТС РО зертханалары деңгейінде жүргізіледі. 2011 жылы CD4 - жасушаларының санын анықтауды 9 ЖИТС ОО, Алматы мен Астана қ.к. және ЖИТС РО зертханалары жүргізді.

Барлығы 15 500 зерттеулер жүргізілді. Вирустық жүктемеге зерттеулер алты зертханада жүргізілді. Бұл - Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік–Қазақстан ЖИТС ОО, Астана қ., Алматы қ. ЖИТС ҚО және ЖИТС РО зертханалары. 8098 үлгіге зерттеулер жүргізілді.

Заманауи жабдықтарды қолданумен клиникалық–биохимиялық зерттеулер тек тоғыз орталықта жүргізілді. Клиникалық–биохимиялық зерттеулер келесі облыстардың зертханаларында жүргізілмейді: Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Жамбыл облыстық орталықтарда және Астана ЖИТС ҚО.

Орталықтардың зертханалары және емдеу-профилактикалық бөлімдерінің өзара бірлесіп жұмыс істеуі проблема болып қалуда, ол негізделмеген тағайындауларға (салдарлары және CD4 мен вирустық жүктемені анықтауға тест-жүйелердің тапшылығына) алып келеді. Бүгінгі күнге ВЖ анықтау, зерттеудің қымбатшылығына байланысты диспансеризация жүргізу барысында емес, ал емдеуге мониторинг жүргізу барысында жүргізіледі.

## **Сапаны бақылау**


Жұмыстың сапасын бақылау зертханаішілік бақылауда және сапаны сырттай бақылауда тексеріледі. Зертханаішілік бақылауға кіреді: тест-жүйелердің кірудегі бақылауы, әрбір қою барысында және бақылаулық карталарды жүргізгенде зертханаішілік стандарттар қолданылады.

ЖИТС ОҚО және Алматы мен Астана қ.к. ЖИТС ҚО барлық зертханалары тест-жүйелердің кірудегі бақылауды орындайды, зертханаішілік стандарттарды қолданады және АИТВ—инфекциясын диагностикалау барысында зертханаішілік сапаны қолданады, ол халықаралық талаптарға және ҚР-сында сапаны бақылау бойынша талаптарына сәйкес келеді. 2011 жылы сапаны сырттай бақылау ұлттық және аймақтық деңгейлерде жүргізілді.

Ұлттық деңгей - облыстық ЖИТС орталықтарының және Алматы, Астана қ.к. барлық зертханалары. АИТВ-ға, ВГС-ке және HbsAg барлық сынамалар Алматы қалалық орталығынан басқа барлық қатысушылармен дұрыс анықталды.

Аймақтық деңгей – сапаны сыртқы бағалау Қарағанды облысында - Теміртау, Балхаш, Жезқазған қ.к.;ШҚО - Семей, Курчатов қ.к.; Жамбыл облысында - Шу қ.; Ақмола облысында - Атбасар, Степногорск қ.к.; Қызылорда облысында - Қазалы, Шиелі қ.к. жүргізілді. Барлық қатысушылар АИТВ-ның оң және теріс үлгілері енгізілген бақылаулық панелдердер үлгілерін дұрыс анықтады.

## АИТВ-ға, ВГС-ке, және HBs Ag (%) антиденелері бар шоғырланған панелдер үлгілерін дұрыс ұқсастырған зертханалар (ұлттық деңгей)



### Донорлық қанға тест жүргізудің сапасына бақылау

2011 жылы ҚР-сында қан донациясы (279077) 100% ИФТЬ әдісімен төрт міндетті трансфузиялық инфекцияларға тексерілді (АИТВ, В, С вирустық гепатиттерге, мерезге), олардың ішінен АИТВ-ға зерттеу нәтижесі бойынша жарамсыз деп танылғаны – 613 (0,2%).


ПТР әдісімен қан донациясының тек 42% (118399) тексерілді, оның ішінен жарамсызы - 32 (0,02%). Донорлықтың инфекциялық қауіпсіздігін арттыратын ПТР әдісі Ақмола және Шығыс-Қазақстан облыстарының қан орталықтарында енгізілмеді. Алматы, Оңтүстік-Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Маңғыстау, Атырау облыстарында қан донациялары ПТР әдісімен толық көлемде тексерілмейді.

ҚР қан орталықтарында зертханалық кезеңге дейін, донорлыққа қатысуға тілек білдірген адамдардың жалпы санынан донорлыққа қатысудан 51184 адам шеттетілді (16,5%).


Қан орталықтарымен еліміздің медициналық ұйымдарына (МҰ) берілген анағұрлым инфекциялық қауіпсіз өнімнің үлесі (барлық берілген өнімнен) құрайды:

- карантинделген плазмалар – 63,1% (2010ж. – 53,7%)
- вирусқа белсендірілген плазмалар – 13,2 % ( 2010 ж. – 6,8 %);
- вирусқа белсендірілген тромбоциттер концентраты (ТК) – 36,9 % (2010ж. – 5,1 %).

**2011 ж. АИТВ-ға ИФТ және ПТР әдістерімен тексеру нәтижесі бойынша жарамсыз деп танылған қан донациясының және оның құрауыштарының саны (абсолютті сан)**



**2011 жылы қан орталықтарымен медициналық ұйымдарға (МУ) берілген барлық өнімнен карантинделген, вирусқа белсендірілген плазмалар үлесі (%)**



**10. АИТВ-ЖҰҚТЫРҒАН ЖӘНЕ ЖИТС АУРУЛАРЫНА ЕМДЕУ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КӨМЕКТИҢ ЖАҒДАЙЫ**

2012 жылы 01 қаңтарға ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталықтарда диспансерлік есепте тұратындар саны 11359 –АИТВ-жұқтырғандарды құрайды, оның ішінде 14-жасқа дейінгі балалар – 312. 2010 жылмен салыстырғанда «Д» есепте тұратындар саны 11% ( 1302 адамға артты, 2010 жылы - 10057 АИТВ-жұқтырғандар болды.) артты.

АИТВ-жұқтырғандарды аурудың кезеңіне қарай бөлу:

1. клиникалық кезең – 6309 пациент (55,5%), 2010 жылы - 5932 пациент (56%) болған;
2. клиникалық кезең – 2797 пациент (24,6 %), 2010 жылы- 2332 пациент (22%) болған;
3. клиникалық кезең – 1968 пациент (17,3%), 2010 жылы– 1534 пациент (14,5%) болған;
4. клиникалық кезең – 287 пациент (2,5%), 2010 жылы – 259 пациент (2,4%) болған.

2011 жылы 3109 пациентке стационарлық емдеу жүргізілді, ол «Д» есепте тұратын, АИТВ ӨСА жалпы санының 27,4% құрайды. Пациенттердің басым көпшілігі туберкулезге қарсы бөлімшелерге (ТҚБ) - 6,7%, инфекциялық профилдегі стационарларға - 5,0%, акушерлік-гинекологиялық мекемелерге - 3,2%, наркологиялық диспансерлерге – 2,5% орналастырылды.

### **Психоәлеуметтік кеңестер беру және АИТВ-ға тесттен өткізу бойынша қызметтер**

Республикада 2011ж. 304 ПӘК беру кабинеттері жұмыс істеді (2010ж. - 381). ЖИТС орталықтарында - 24 (7,9%) ПӘК беру кабинеттері, ал жалпы профилдегі ЕПҰ– 178 (58,5%), арнайы ЕПҰ – 78 (25,7%), басқа мекемелерде – 24 (7,9%) ПӘК беру кабинеттері жұмыс істеді. ДК сапалы қызметтерін көрсету үшін тиісті жағдайлары бар ЕПҰ-да мамандар 1 615 383 адамның

1 276 813 кеңестер берумен қамтыды немесе ол есепті кезеңде – 79,0 % құрады, өткен 2010 жылы ол көрсеткіш – 77,4% болған еді,

«ДКТ» әйелдер консультациясында сапалы қызметтер алған жүкті әйелдердің пайызы әйелдер консультациясында барып жолыққан әйелдер санынан (629312) есепті жылы – 96,7% (608716) құрады, (2010ж - 97,1%).

### **АИТВ-ның анадан балаға берілуінің алдын алу**

2011 жылы 302 АИТВ-жұқтырған жүкті әйел және 443 жүктілік тіркелді, яғни 141 әйел қайталап жүкті болған. 2010 жылы осындай кезеңде жүкті әйелдер саны -278, жүктілік–406 болған. АИТВ-жұқтырған әйелдердің жүкті болуының анағұрлым үлкен саны Алматы қ-сында тіркеледі– 69, Павлодар облысында - 57, Алматы облысында– 54, Қарағанды облысында – 53, Оңтүстік -Қазақстан облысында –57 әйел.

2011 жылы АИТВ-жұқтырған жүкті әйелдердің 267-нің босануы тіркелді, (2010ж. – 235), о.і. мерзімінен бұрын босанған әйелдер - 25 (2010ж. – 22). Әйелдерді босандыратын мекемелерде жүкті әйелдерде АИТВ- инфекциясын жедел-диагностикалауды енгізу әйелдер консультациясында есепте тұрмайтын жүкті әйелдерге жедел АРВ профилактикасын жүргізуге мүмкінді берді. Жүкті әйелдерді АРВ профилактикасымен қамту - 97% ( 2010 жыл –



89,3%), ал жаңа туған нәрестелерді қамту - 98% (2010 жылы - 97%) жетті. 2010 жылдан бастап Қазақстанда АИТВ-ның анандан балаға берілуінің алдын алуда үш құрауышты профилактикалық режим қолданылады.

Республикада 2011 жылы АИТВ-жұқтырған әйелдерден туылған 266 бала есепке алынды, олардың – 262, яғни 98% АРВ – профилактикасын қабылдады.

Медициналық қызметтің акушерлік-гинекологиялық қызметкерлерін АИТВ- инфекциясының тікелей трансмиссиясы және ерікті кеңес беру бойынша дайындықтан өткізу қамтамасыз етілген. 2011 жылы АББА бойынша 4446 акушер – гинекологтар оқытылды, яғни оқумен мамандардың 89 % қамтылды ( 2010 ж.- 98 %.

### **АИТВ – инфекциясы бар адамдарда екінші қайталанған аурулардың алдын алу**

Туберкулёз АИТВ-жұқтырған адамдарды зақымдайтын маңызды оппортунистік аурулардың қатарына жатады. ДДҰ сарапшыларының бағалауы бойынша әлемде жыл сайын туберкулёзбен 8 –10 миллион адам ауырады және оның 3 миллионға жуығы осы аурудан қайтыс болады. Жер бетінде 16 миллионға жуық адамдар АИТВ –жұқтырғандар, олардың 5 миллионнан 6 миллионға дейінгілерінде АИТВ және туберкулезбен туындаған қосарланған инфекция бар. Туберкулёз АИТВ-жұқтырғандарды өлімге апаратын жетекші себептердің бірі, яғни өлімге ұшырағандардың 32 % туберкулезден қайтыс болады.

Есепті кезеңде АИТВ және Туберкулёз сияқты қос инфекциялы - 547 адам тіркелді, ондай ауруладың - 205 (37,5%) аралас антиретровирустық терапия қабылдады ( 2010 жылы- 42,3%).

Туберкулёзді профилактикалық емдеу АИТВ/ЖИТС аурулары бар адамдарда туберкулездің белсенді түрлерінің қысқаруына алып келеді. АИТВ – жұқтырған, туберкулезден профилактикалық емдеуді қажет ететін адамдар саны 2011 жылы 1345 адамды құрады, олардың емдеу қабылдағандары 1192 АИТВ – жұқтырған адамдар (88,6%), 2010 жылы қамту 98% құрады. Бостандығынан айыру орындарындағы үйлескен инфекциясы бар пациенттердің профилактикалық емдеуге жататын 370 адамның – 334 (90%) емдеуден өтті.

### **АИТВА – инфекциясы бар адамдарды антиретровирустық терапиямен қамтамасыз ету**

АИТВА-инфекциясымен өмір сүретін адамдарды (ересектер және балалар) аралас антиретровирустық терапиямен емдеуге қолжетімдік қамтамасыз етілген. Емдеу барлық облыстарда жүргізіледі. 2011ж. 31- желтоқсанға - 1830 адам терапия қабылдады, оның ішінде - 246 балалар. АРВ – терапиясын

қабылдауға мұқтаж аурулардың бағалаулық саны - 2883 адамды құрайды. АРВ – терапиясын қабылдауға мұқтаж адамдардың бағалаулық санынан АРТ-ты қабылдағандардың үлесі 63,5 %, яғни өткен жылғы осы кезеңдегі көрсеткіштен (2010ж. - 60,9%) асып түседі. 2011 жылы АИТВ-мен өмір сүретін 660 адам бірінші рет АРВ – терапиясын бастады (2010ж.-540 болған), олардың аралас антиретровирустық терапия қабылдағаннан 12 айдан кейін өмір сүрулерін жалғастырып, емделіп жатқандар -370 (64%) (2010ж.- 570) құрайды. 12 ай бұрын - 578 адам антиретровирустық терапия қабылдай бастаған, аталған көрсеткіш АРТ-тың тиімділігін көрсетеді.

2011 жылы АИТВ ӨСА емдеуді республикалық және жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен қабылдады.

Қазақстан Республикасы бойынша АРТ-пен қамту, емдеуге мұқтаждар санынан 83 % құрайды (2010ж.-74,5%). АРТ-пен қамтудың ең төменгі көрсеткіштері Шығыс-Қазақстан облысында байқалады, небәрі – 47,5%, Қарағанды облысында- 77%, Павлодар облысында - 76% болды. Емделуге бейімделі көрсеткіші әлі де төмен болып отыр, есепті кезеңде емделуді – 444 АИТВ ӨСА тоқтаты (2010ж.- 368 адам.), оның ішінде - қайтыс болуына байланысты – 23,6%, елден тыс жерге кетуіне байланысты – 27,7%, бастаған емделуден бас тартқандар – 23,6%, режимді бұзуымен – 22,5%, препараттың жанама әсерлеріне байланысты -2,0%.

Барлық аймақтар бойынша есепті жылы АРВ-емделуді қайтадан бастағандар санының өсуі байқалады (емдеуге қабылдаудың критериілері өзгерді- ауырудың кезеңіне байланысты емес, СД4 – 350 көрсеткіші жағдайында).

Емдеуге минимальды алған облыстар: Маңғыстау (5), Қызылорда (7), Атырау (8), бұл аймақтарда АИТВ– инфекциясының таралу деңгейі ҚР бойынша минимальды болып есептеледі. .

Осылайша ҚР бойынша АИТВ өмір сүретін адамдарды 2011 жылы профилактикалық араласулармен, емдеумен, күтіп қараумен және қолдаумен қамту жоспарына қол жеткізілді.

## **11. АИТВ-НЫҢ АРТ-ҚА ТӨЗІМДІЛІГІНЕ ГЕНОДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ**

ЖИТС РО Қазақстанның аумағында айналымда болатын АИТВ-1 – ге генетикалық әртүрлі зерттеулер және АИТВ-ның антиретровирустық препараттарға төзімділігін анықтауға және ҚР аумағында АИТВ-ның дәрілік-тұрақтылық циркуляциясының таралуына талдау жүргізіледі

2011 жылы ғылыми бөліммен келесі жұмыстар орындалды:

- «АИТВ-ның антиретровирустық препараттарға төзімділігіне жүргізілген тесттің маңыздылығы» тақырыбында әдістемелік ұсынымдар әзірленді, олар ҚР ДСМ медициналық білім беру және ғылымның инновациялық технологиялар орталығымен қолдау жасалып және әрі қарай басылымға ұсынылды

- АИТВ субтипін ұқсастыру және филогенетикалық талдау жүргізу үшін АИТВ полимеразы генінің бірізділігіне 187 талдау жүргізілді;
- ВААРТ қабылдап жүрген АИТВ-жұқтырған пациенттер арасында АИТВ-ның АРВ препараттарына төзімділігі бойынша ахуалға талдау жүргізілді;
- АИТВ-жұқтырған жүкті әйелдерді АРТ-ты бастағанға дейін немесе АББА бойынша АИТВ-ның АРВ препараттарына дәрілік төзімділігін тексеру бойынша бағдарламаның жобасы дайындалды.

**12. 2011 жылы «АИТВ/ЖИТС-пен өмір сүруші адамдарға профилактикалық емдеу, көмек және қолдау көрсету, әсіресе халықтың осал топтары үшін мемлекеттік, үкіметтік емес ұйымдармен және жеке кәсіпкерлермен қатынастарды көбейту және кеңейту арқылы қолжетімдікті арттыруда» 7 РАУНДТЫҢ ГРАНТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.**

2011 жылы Қазақстанда Ғаламдық Қордың ЖИТС-пен, туберкулезбен және безгекпен күресу бойынша 7 раундтың грантын жүзеге асырылды, ол АИТВ/ЖИТС саласында ең ірі жобалардың бірі болып табылады. Грантты жүзеге асыруға 32 үкіметтік емес ұйымдар, 20 ЖИТС орталықтары (52 субқабылдаушылар) қатыстырылды. 2011 жылы ЖИТС ТБ ҒҚ қаржысына тұрғындардың осал топтары үшін қазақ және орыс тілдерінде, жалпы тиражы 161 858 дананы құрайтын тематикалық кітапшалар дайындалып және басылып шығарылды.

Медициналық персоналдарды және аутрич-жұмыскерлерді АИТВ/ЖИТС мәселелеріне оқыту, оның ішінде тренерлерді дайындау бойынша 9 тренинг өткізілді, барлығы 412 адам оқытылды.

ЖИТС ТБ ҒҚ қаржылай қолдауы барысында әртүрлі акциялар, кампаниялар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

ЖИТС РО сайты қолдау жүйелі түрде жүзеге асырылады, ЖИТС РО «Қызыл желі» ақпараттық қызметі тұрақты негізде жұмыс істейді. 2011 жылы «Қызыл желі» ақпараттық қызметіне 900 аса қоңыраулар шалынып және Қазақстан Республикасының барлық аймақтарынан 1720 сұрақтар келіп түсті.

2011 жылы ЖИТС ОҚО техникалық қолдау көрсетілді: 6 орталық үшін (Қостанай, Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Батыс-Қазақстан облыстары, Семей қ.) ИФТ жүргізуге арналған зертханалық жабдықтар сатып алынды; 2 орталық үшін (Қарағанды және Батыс- Қазақстан облыстары) – гематологиялық талдағыш; ЖИТС РО зертханасы үшін – ПТР және тоңазытқыш жабдықтар.

### **13. ЖИТС ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ 2012-2015 ЖЫЛДАРҒА ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАРЫ:**

#### **Қызметтің төмендегідей мақсатты индикаторлары анықталды:**

- АИТВ- инфекциясының таралуын 15-49 жастағы топта 0,2% - 0,6% шегінде ұстау;
- 
- 2015 жылы сотталғандар арасында АИТВ- инфекциясының таралу деңгейі 5% аспауға тиіс.

#### **ЖИТС қызметінің 2011-2015 жылдарға даму жоспары:**

1. Қызметті кадрмен толықтыру және біліктілігін арттыру.
2. ЖИТС орталықтарының материалдық-техникалық базасын жақсарту.
3. ЖИТС қызметінің нормативтік-құқықтық базасын әрі қарай жетілдіру.
4. Тұрғындар арасында жастарға акцент жасай отырып БАҚ, ғаламтор, әлеуметтік желілер, мобильді байланыс операторлары және басқ. арқылы ағарту жұмыстарын күшейту
5. Тұрғындардың осал топтарымен зияндылықты төмендету бағдарламалары бойынша жұмыстарды жалғастыру.
6. АИТВ-ның анадан балаға берілуінің алдын алу және қауіпсіз донорлықты және медициналық манипуляцияларды қамтамасыз ету.
7. АРТ-қа бейімділікті арттыру, емделуге қолжетімдікті қамтамасыз ету, АИТВ ӨСА емдеуде және әлеуметтік қолдауда мультитәртіптік қатынасты күшейту және АРТ-қа мониторинг жүргізу.
8. Бостандығынан айыру орындарында профилактикалық бағдарламаларды әрі қарай жалғастыру, сол сияқты бостандығынан айыру орындарынан қайтқан адамдарды әлеуметтік қолдау бағдарламаларын және АОТ енгізу.
9. АИТВ жағдайларына электрондық қадағалау жүйесін дамыту, ЖИТС-ке қарсы іс-әрекеттер бойынша шараларға мониторинг және бағалау жүргізу
10. ЖИТС РО және облыстардың денсаулық сақтау Басқармалары арасындағы Меморандумды жүзеге асыру.
11. Қазақстанда анықталған АИТВ генетикалық материалы банкін қалыптастыру.